



Автор: Бакубаева РАУЗА Абдурахмановна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Кестелік көбейту және бөлу

Тақырып: Кестеден тыс көбейту және бөлу. Графика

Сабақтың мақсаты:	кестеден тыс ауызша көбейту мен бөлуді орындау. 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: қосындыны санға көбейту ережесін түсіндіреді. Пәндік лексика және терминология: 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін түсіндіру.
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: кестеден тыс ауызша көбейту мен бөлуді орындау; сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолданады. Бірқатар оқушылар: 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін түсіндіреді. Кейбір оқушылар: кестеден тыс ауызша көбейту мен бөлуді топтастырады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	тарих

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынталандыру. Бір-біріне жылы сөздер айту. Күннен шуақ алайық Алақанға салайық Жерден нәр алайық Алақанға салайық Алақандағы жылуды Достарымызға сыйлайық. «Миға шабуыл» Өткен сабақты бекіту. -Өткен сабақтарды қандай тақырыптармен танысып едік. -Кестеден тыс қалай көбейтіп, бөлеміз? Бүгінгі сабақта біз осы кестемен көбейту мен бөлуді қайталаймыз, бекітеміз. Сабаққа мақсат қояды. -Өтіп жатқан бөлім қалай аталады?/Өнер/ -Қандай өнер түрлерін білесіңдер? -Бүгін өнердің тағы бір түрі графикамен танысамыз. -Графика дегеніміз не? Естігендерің бар ма? -Білмесеңдер видеоға назар аударыңдар. Видео көрсетіледі. «Графика» Видео көрсету	https://imektep.kz/kz/grafika

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	тапсырмаға назар аударту. Берілген өрнектерді есептеген кезде балалардың қалай пайымдағанын тап. Сонда Қостанай қаласының көрнекті жерлерінің атауын білетін боласың. 1. $960:8 = (800+160):8 = 120$ 2. $840:7 = (700+140):7 = 120$ 3. $650:5 = (500+150):5 = 130$ 4. $960:6 = (600+360):6 = 160$ Дескриптор : Өрнектің мәнін табады Қостанай қаласының көрнекті жерін анықтайды. -Осы ғимараттардың бәрі қай қалада орналасқан? - Қостанай қаласына неше жыл ? Қостанай қаласының көрнекті жерлеріне саяхат жасаймыз. Әр көрнекті жер тапсырмалар дайындаған. Бірінші Ы.Алтынсариннің мұражайына барамыз. үшін тапсырма орындау керек. Жұптық жұмыс.. Кестеден тыс көбейту және бөлу. $17 \times 3 = (10+7) \times 3 = 10 \times 3 + 7 \times 3 = 30 + 21 = 51$ $14 \times 4 = (10+4) \times 4 = 10 \times 4 + 4 \times 4 = 40 + 16 = 56$ $13 \times 5 = (10+3) \times 5 = 10 \times 5 + 3 \times 5 = 50 + 15 = 65$ $19 \times 4 = (10+9) \times 4 = 10 \times 4 + 9 \times 4 = 40 + 36 = 76$ $56:2 = (40+16):2 = 40:2 + 16:2 = 20 + 8 = 28$ $42:3 = (30+12):3 = 30:3 + 12:3 = 10 + 4 = 14$ Екінші «Ілияс Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры» тапсырма орындау. Топтық жұмыс. Есеп құрастыру. Шығару. Ерлерге 40 плащ тігу үшін 200 м мата қажет. Ал ерлердің бір плащына жұмсалған матаға қарағанда, балалардың плащына 3 м мата кем жұмсалды. Балаларға плащ тігу үшін қанша метр мата қажет Дескриптор Есептің шартың жаза алады. Есептің сұрағын жазады Есептің шешуін шығарады. Есептің мәнін табады. Жеке жұмыс Үшінші «№115 орта мектеп» Ол ғимаратқа кіру үшін теңдеулерді шешу керек. $X \times 6 = 280 + 80$ $X \times 6 = 50 + 310$ $У \times 6 = 500 - 140$ $X \times 6 = 360$ $X \times 6 = 360$ $У \times 6 = 360$ $X = 360:6$ $X = 360:6$ $У = 360:6$ $X = 60$ $X = 60$ $У = 60$ $60 \times 6 = 280 + 80$ $60 \times 6 = 50 + 310$ $60 \times 6 = 500 - 140$ $360 = 360$ $360 = 360$ $360 = 360$ Дескриптор Күрделі теңдеуді қарапайым теңдеуге түрлендіреді Белгісіз көбейткішті табады. Теңдеудің түбірін табады. Теңдеуді тексеру өрнегін жазады. Барлық түбірлерде 60 саны шығып тұр. Біздің мектебімізге 60 жыл. Мектеп туралы не білесіңдер? Осымен Қостанай қаласының көрікті жерлеріне саяхатымыз аяқталды. Дескриптор арқылы бағалайды. Тақтамен жұмыс	
Рефлексия	Рефлексия. – Сабақтың басында біз алдымызға қандай мақсаттар қойдық? – Осы мақсаттарыңызға жете алдыңыздар ма? – Қиындық туындады ма? – Сол қиындықтарды жеңе алдыңыз ба? – Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды? «Бағдаршам» арқылы кері байланыс. Үйге тапсырма: 20 бет №2	